

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 584 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; 2004 жылғы 12 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы" 2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9 - б а п т ы ң                    1 - т а р м а ғ ы н д а :

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және қолдану жөніндегі қызмет;"

мынадай мазмұндағы 53-1) тармақшамен толықтырылсын:

"53-1) тіркеу сынақтарына, өндірістік сынақтарға және ғылыми зерттеулерге арналған тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, пестицидтерді (улы химикаттарды) және оларды өндіруге арналған бастапқы компоненттерді әкелу;"

2. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140-құжат):

1 )                    1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) - бастапқы

компоненттердің негізінде пестицидтер (улы химикаттар) дайындаудың технологиялық процесі;"

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) фитосанитариялық мониторинг - зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдерді зерттеуді, байқауды, олардың дамуы мен таралуын есепке алуды, сондай-ақ осылардың негізінде фитосанитариялық болжам әзірлеуді қамтитын іс-шаралар жүйесі;"

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) фитосанитариялық болжам - фитосанитариялық іс-шараларды жүргізудің мерзімдері мен көлемдерін жоспарлау мақсатында зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің ықтимал таралуы мен дамуы дәрежесін алдын ала айқындау;"

2) 6-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) өз құзыреті шегінде өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен бекіту;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау ережелерін әзірлеу мен бекіту;"

10) тармақша "пестицидтерді (улы химикаттарды)" деген сөздерден кейін "өндіру (формуляциялау), өткізу және" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) фитосанитариялық болжамның жасалуын;"

4) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), әкелу, сақтау, өткізу, тасымалдау және қолдану, сондай-ақ олардың тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізу мемлекеттік фитосанитариялық бақылауға жатады."

5) 14-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және қолдану жөніндегі қызмет лицензиялануға тиіс."

3-тармақ "Пестицидтерді (улы химикаттарды)" деген сөздерден кейін "өндіру (формуляциялау), өткізу және" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 20-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы "ерекше қауіпті" деген сөздердің алдынан "зиянды және" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК